

# Пайдаланушы нұсқаулығы

© Copyright 2014 Hewlett-Packard Development Company, L.P.

AMD және AMD Catalyst - Advanced Micro Devices, Inc. корпорациясының сауда белгілері. Intel - Intel Corporation корпорациясының АҚШ мемлекетіндегі және басқа елдердегі сауда белгісі. SD Logo - өз меншік иесінің сауда белгісі.

Осы құжатта берілген ақпарат ескертусіз өзгертіледі. HP өнімдері мен қызметтеріне кепілдік тек осындай өнімдермен және қызметтермен бірге келетін тікелей кепілдік мәлімдемелерінде беріледі. Осы құжаттағы ешқандай мәліметтер қосымша кепілдік деп түсінілмеуі тиіс. HP компаниясы осы құжаттағы техникалық немесе редакторлық қателерге, не болмаса қалып кеткен мәліметтер үшін жауапты емес.

Бірінші басылым: сәуір, 2014 ж.

Құжат бөлігінің нөмірі 763519-DF1

#### Өнім ескертуі

Бұл нұсқаулықта көптеген модельдерге ортақ мүмкіндіктері сипатталған. Кейбір мүмкіндіктер компьютеріңізде болмауы мүмкін.

#### Бағдарламалық құрал шарттары

Осы дербес компьютерде алдын ала орнатылған кез келген бағдарламалық құрал өнімін орнату, көшіру, жүктеп алу немесе басқа жолмен пайдалану арқылы, HP Түпкі пайдаланушы лицензиялық келісіміне (EULA) бағынуға келісесіз. Егер сіз осы лицензиялық шарттармен келіспесеңіз, компьютерді сатқан орынның қаражатты қайтару ережелеріне сәйкес төленген қаражатты қайтарып алу үшін, тек пайдаланбаған өнімді (аппараттық және бағдарламалық құралды) 14 күн ішінде сатушыға қайтаруыңызға болады.

Толығырақ ақпарат алу немесе компьютер үшін төленген қаражатты толығымен қайтару туралы сұрау жіберу үшін, жергілікті сату нүктесіне (сатушыға) хабарласыңыз.

## Қауіпсіздік туралы ескерту хабары

---

**⚠ АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!** Қызып кетумен байланысты зақымдарды немесе компьютердің қатты қызып кету жағдайын азайту үшін компьютерді тізеңізге қоймаңыз немесе компьютердің ауа желдеткішін бітемеңіз. Компьютерді тек қатты, тегіс беттің үстіне қойып пайдаланыңыз. Қасында тұрған қосымша принтер сияқты қатты беттің немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ беттің ауа ағынын бөгеуіне жол бермеңіз. Сонымен қатар, жұмыс кезінде айнымалы ток адаптерінің теріге немесе жастық, кілем немесе мата сияқты жұмсақ бетке тимеуін қадағалаңыз. Компьютер және айнымалы ток адаптері Ақпараттық технология жабдығы қауіпсіздігінің халықаралық стандарты (IEC 60950) арқылы белгіленетін пайдаланушыға рұқсат етілген бет температурасына сай келеді.

---



---


# Мазмұны




<b>1 Компьютермен танысу .....</b>	<b>1</b>
Оң жағы .....	1
Сол жағы .....	3
Дисплей .....	4
Жоғарыдан қарағандағы көрінісі .....	5
Сенсорлы тақта .....	5
Түймешіктер .....	6
Астыңғы жағы .....	7
Жапсырмалар .....	8
<b>2 Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану .....</b>	<b>9</b>
Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану .....	9
Түрту .....	9
Жылжу .....	11
<b>3 Әрекет пернелерін пайдалану .....</b>	<b>13</b>
Әрекет пернелерін пайдалану .....	13
<b>4 Қуат және батарея .....</b>	<b>15</b>
Зауытта пломбаланған батарея .....	15
Батареяны зарядтау .....	15
<b>5 Қосымша HP ресурстары .....</b>	<b>16</b>
Қосымша HP ресурстары .....	16
<b>6 Электростатикалық разряд .....</b>	<b>18</b>
<b>Индекс .....</b>	<b>19</b>



# 1 Компьютермен танысу

## Оң жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)  Аудио шығыс (құлақаспап)/Аудио кіріс (микрофон) ұясы	<p>Токқа қосылатын қосымша стерео үндеткіштер, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспаптар, гарнитура немесе теледидар дыбыс кабелі қосылады. Сонымен қатар, қосымша гарнитура микрофонын қосады. Бұл ұя қосымша тек микрофон құрылғыларын қолдамайды.</p> <p><b>АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!</b> Жарақаттану қаупін азайту үшін, құлақаспаптар, тығын тәріздес құлақаспап немесе гарнитураны киер алдында, дыбыс деңгейін реттеңіз.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Құрылғы ұяға қосылған кезде, компьютер үндеткіштері ажыратылады.</p> <p><b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Құрылғы кабелінің аудио шығыс (құлақаспап) және аудио кіріс (микрофон) ұяларының екеуіне сәйкес келетін 4 сымды қосқышы бар екеніне көз жеткізіңіз.</p>
(2)  USB 2.0 порттары (2)	<p>Пернетақта, тінтуір, сыртқы диск, принтер, сканер немесе USB хабі сияқты қосымша USB құрылғыларын жалғаңыз.</p>
(3) Айнымалы ток адаптерінің шамы	<ul style="list-style-type: none"><li>• Жасыл: айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядтаулы.</li><li>• Сары: айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядталуда.</li><li>• Қызыл: қате орын алды және батареяны зарядтау немесе жүйе арқылы анықтау мүмкін емес.</li><li>• Өшірулі: компьютер тұрақты ток арқылы жұмыс істеуде.</li></ul>
(4)  Micro-USB зарядтау порты	<p>Батареяны зарядтау немесе компьютерді қуат көзіне қосу мақсатымен қабырғадағы розеткаға жалғауға мүмкіндік береді.</p> <p>SlimPort технологиясы ноутбүгіңізді сыйсымды сыртқы дисплей құрылғыларына қосуға мүмкіндік береді. VGA, HDMI немесе DisplayPort адаптерлері қажет болуы мүмкін.</p>


**ЕСКЕРТУ:** Қосқышта қысып басылған кескінді жоғарыға қаратып, шағын USB адаптерін енгізіңіз. Олай болмаған жағдайда, зарядтау порты зақымдалуы мүмкін.





## Сол жағы



Бөлік	Сипаттама
(1)  Қауіпсіздік кабелінің ұясы	Қосымша қауіпсіздік кабелін компьютерге жалғайды. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Қауіпсіздік кабелі сақтандырғыш құрал ретінде әрекет ету үшін жасалған, бірақ ол компьютерге күтімсіз қараудан немесе оны ұрланудан қорғай алмауы мүмкін.

# Дисплей




Бөлік	Сипаттама
(1) WLAN антенналары (2)*	Сымсыз жергілікті желілермен (WLANs) байланыста болу үшін сымсыз байланыс сигналдарын жібереді және қабылдайды. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> WLAN антенналарының орналасқан жері модельге байланысты өзгеше болуы мүмкін.
(2) Ішкі микрофон	Дыбысты жазады.
(3) Веб-камера	Бейне ағыны мүмкіндігімен бейнелер жазуға, фотосуреттер түсіруге және бейне конференциялары мен желіде әңгімелесу сеанстарын ұйымдастыруға болады.
(4) Веб-камера шамы	Қосулы: веб-камера қолданылуда.
(5) Ішкі дисплей қосқышы	Дисплейді өшіреді, ал дисплей қуат қосылып тұрғанда жабылған болса, ұйқы күйін қосады. <b>ЕСКЕРТПЕ:</b> Дисплей қосқышы компьютердің сыртынан көрінбейді.

\*Бұл антенналар, инфрақызыл сәуле шығарғыштар (тек таңдаулы үлгілерде) мен сенсорлар компьютердің сыртынан көрінбейді. Жақсы таратылым үшін антенналар, инфрақызыл сәуле шығарғыштар және сенсорлардың айналасындағы жақын аймақтарды кедергілерден тазалаңыз. Сымсыз байланыс ережелері туралы ескертпелерді көру үшін, мемлекетіңізде немесе аймағыңызда қолданылатын *Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер* бөлімін қараңыз.


# Жоғарыдан қарағандағы көрінісі

## Сенсорлы тақта



Бөлік		Сипаттама
(1)	Сенсорлы тақта аймағы	Экрандық меңзерді жылжытады және экрандағы элементтерді таңдайды немесе іске қосады.

## Түймешіктер



---

### Бөлік

(1)




Қуат түймешігі

### Сипаттама

- Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз.
  - Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.
  - Компьютер қосулы кезде және егер экранды құлыптау қажет болса, кіру экраны ашылғанша қуат түймешігін басып тұрыңыз. Егер қуат түймешігі экранды құлыптау режимінде басылған болса, компьютер өшіріледі.
  - Қосылып тұрған компьютерді өшіргіңіз келсе, қуат түймешігін басып ұстап тұрыңыз.
-


## АСТЫҢҒЫ ЖАҒЫ



Бөлік	Сипаттама
(1) Үндеткіштер (2)	Дыбыс шығарады.

## Жапсырмалар


Компьютерге жапсырылған жапсырмалар жүйе ақаулықтарын жойғанда немесе компьютермен шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін.

 **МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** Осы бөлімде сипатталған барлық жапсырмалар компьютердің астында орналасатын болады.

Бұл орындарды табу кезінде көмек алу үшін, [Компьютермен танысу \(1-бет\)](#) бөлімін қараңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Жапсырманың көрінісі осы бөлімдегі суреттегіден сәл өзгешелеу болуы мүмкін.

- Техникалық сипаттама жапсырмасы—мыналарды қоса маңызды ақпаратты береді:



### Бөлік

- |     |  |
|-----|--|
| (1) | Өнім атауы                                 |
| (2) | Сериялық нөмір                             |
| (3) | Өнім нөмірі                                |
| (4) | Кепілдік күшінің мерзімі                   |
| (5) | Үлгі сипаттамасы (таңдаулы үлгілерде ғана) |

Бұл ақпарат қолдау қызметіне хабарласқанда қол жетімді болуы қажет.

- Техникалық деректер жапсырмасы компьютер туралы техникалық ақпаратты береді.
- Сымсыз куәлік белгісі немесе белгілері қосымша сымсыз құрылғылар туралы ақпарат және осы құрылғылардың қолданылуы мақұлданған кейбір елдер немесе аймақтардың мақұлдау таңбаларын қамтамасыз етеді. Компьютерде бір немесе бірнеше сымсыз құрылғылар болса, бір немесе бірнеше куәландыру белгісі компьютермен бірге беріледі. Бұл ақпарат шетелге саяхатқа шыққанда қажет болуы мүмкін.

---

## 2 Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану


Сенсорлы тақта саусақтар арқылы экрандағы меңзерді басқаруға мүмкіндік береді.

### Сенсорлы тақта іс-қимылдарын пайдалану


Сенсорлы тақта жұмыс үстеліндегі элементтерді басқару үшін, саусақтарыңызбен сырғыту, шымшу және айналдыру қимылдарын жасауға мүмкіндік береді.

#### Түрту

Экранда элементті таңдау үшін сенсорлы тақтада түрту мүмкіндігін пайдаланыңыз.



- Таңдау үшін, сенсорлы тақта аймағын бір саусағыңызбен түртіңіз.



- Мәтіндік-сезгіш мәзірді ашу үшін, сенсорлы тақта аймағын екі саусағыңызбен түртіңіз.




## Жылжу


Жылжу қимылы – бетте немесе суретте жоғары, төмен қарай немесе көлденең жылжу кезінде қажет әрекет. Кез келген жақта көруге болатын мазмұн болса, сол жаққа немесе оң жаққа екі саусақпен жылжу қимылы экранды жылжытады немесе веб-шолғыш тарихы бойынша алға және кері жылжытады.


Жылжыту үшін екі саусақты сенсорлы тақтаның үстіне бөлек қойып, оларды сенсорлы тақта арқылы жоғары, төмен, сол немесе оң жаққа қарай апарыңыз.

---


 **ЕСКЕРТПЕ:** Жылжу жылдамдығы саусақ жылдамдығы арқылы басқарылады.

---















Chrome шолғышында ашық тұрған қойыншалар арасында жылжу үшін, үш саусақты сенсорлы тақтаның үстінен сол жаққа немесе оң жаққа қарай апарыңыз.



## 3 Әрекет пернелерін пайдалану



### Әрекет пернелерін пайдалану

Әрекеттер пернелері және пернетақта пернелерінің тіркесімдері туралы қосымша ақпаратты <https://support.google.com/chromebook/answer/183101?hl=en> бөлімінен қараңыз.

Белгіше	Перне	Сипаттама
	<code>esc</code>	<code>esc</code> пернесі компьютер функцияларын белсендіру үшін басқа пернелермен тіркеседі.
	Артқа	Шолғыш журналындағы алдыңғы бетке өтіңіз.
	Алға	Шолғыш журналындағы келесі бетке өтіңіз.
	Қайта жүктеу	Алдыңғы бетті қайта жүктеңіз.
	Толық экран	Бетті толық экран режимінде ашыңыз.
	Экранды ауыстырып көрсету	Келесі экранды ауыстырып көрсетіңіз.
	Жарықтық деңгейін төмендету	Бұл пернені басып тұрғанда экран жарықтығы қадам бойынша төмендетіледі.
	Жарықтық деңгейін жоғарылату	Бұл пернені басып тұрғанда, экран жарықтығы қадам бойынша жоғарылатылады.
	Дыбысты өшіру	Үндеткіш дыбыс деңгейін өшіреді.
	Дыбыс деңгейін төмендету	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда үндеткіштің дыбыс деңгейін қадам бойынша төмендетеді.
	Дыбыс деңгейін жоғарылату	Бұл пернені басып ұстап тұрғанда үндеткіштің дыбыс деңгейін қадам бойынша жоғарылатады.
	Қуат түймешігі	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютер өшірулі болғанда, компьютерді қосу үшін түймешікті басыңыз.</li><li>Компьютер ұйқы күйінде болғанда, ұйқы күйінен шығу үшін түймешікті тез басып қалыңыз.</li><li>Компьютер қосу кезде және егер экранды құлыптау қажет болса, кіру экраны ашылғанша қуат түймешігін басып тұрыңыз. Егер қуат түймешігі экранды құлыптау режимінде басылған болса, компьютер өшіріледі.</li></ul>

Белгіше	Перне	Сипаттама
		<ul style="list-style-type: none"><li>Қосылған компьютерді өшіргіңіз келсе, қуат түймешігін басып ұстап тұрыңыз.</li></ul>

### Қалпына келтіру режимі пернелер тіркесімі

Жүйені қалпына келтіру режиміне қосу үшін, **esc** +  +  пернелер тіркесімін басыңыз.

Қалпына келтіру туралы қосымша ақпаратты алу үшін, <https://support.google.com/chromeos/> мекенжайы бойынша өтіп, қалпына келтіру ақпаратын іздеңіз.

## 4 Қуат және батарея

### Зауытта пломбаланған батарея

Зауытта пломбаланған батареяны шығарып алмаңыз немесе ауыстырмаңыз. Батареяны алу немесе ауыстыру кепілдік күшіне әсер етуі мүмкін. Батареяның заряды тез бітетін болса, қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Батареяны пайдалану мерзімі аяқталғанда, оны жалпы үй қалдықтарымен бірге қоқысқа тастамаңыз. Батареяны қоқысқа тастау кезінде, жергілікті заңдарды және аймағыңызда қолданылатын ережелерді орындаңыз.

### Батареяны зарядтау

1. Шағын USB адаптерін компьютерге жалғаңыз.
2. Батареяның зарядталып тұрғанын тексеру үшін, айнымалы ток адаптері шамын тексеріңіз. Бұл шам компьютердің оң жақ бүйірінде, қуат коннекторына жақын жерде орналасады.

Айнымалы ток адаптерінің шамы	Күй
Жасыл	айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядтаулы.
Сары	айнымалы ток адаптері қосылған, батарея зарядталуда.
Қызыл	қате орын алды және батареяны зарядтау немесе жүйе арқылы анықтау мүмкін емес.
Өшіру	айнымалы ток адаптері қосылған немесе дұрыс жұмыс істемей тұр, компьютер батарея қуатымен жұмыс істеуде.

3. Батарея зарядталып тұрғанда, айнымалы ток адаптерінің шамы жасыл жанғанша айнымалы ток адаптерін ажыратпаңыз.

# 5 Қосымша HP ресурстары

## Қосымша HP ресурстары

Компьютерді іске қосып, осы нұсқаулықты табу үшін, *Параметрлерді орнату нұсқаулары* бөлімін пайдаландыңыз. Өнім туралы егжей-тегжейлі мәліметтер, әдістер, т.б. туралы ақпарат алу үшін, осы кестені көріңіз.

Ресурс	Мазмұны
<i>Орнату нұсқаулары</i>	<ul style="list-style-type: none"><li>Компьютердің параметрлерін орнатуға және мүмкіндіктеріне жалпы шолу.</li></ul>
Анықтама және қолдау орталығы АҚШ қолдауы үшін мына торапқа өтіңіз: <a href="http://www.hp.com/go/contactHP">http://www.hp.com/go/contactHP</a> . Дүниежүзілік қолдау үшін мына торапқа өтіңіз: <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> .	<ul style="list-style-type: none"><li>Әдістер туралы ақпарат және ақаулықтарды жою бойынша кең ауқымды кеңестер.</li></ul>
<i>Қауіпсіз және қолайлы жұмыс нұсқаулығы</i> <a href="http://www.hp.com/ergo">http://www.hp.com/ergo</a> веб-торабына өтіңіз.	<ul style="list-style-type: none"><li>Жұмыс орнын реттеу.</li><li>Ыңғайлылықты қамтамасыз ететін және жарақат алу қаупін азайтатын дене күйі мен жұмыс дағдыларының нұсқаулары.</li><li>Электр және механикалық қауіпсіздік ақпараты.</li></ul>
Дүние жүзі бойынша қолдау Өз тіліңізде қолдау алу үшін, <a href="http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html">http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html</a> сілтемесін таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>HP маманымен желіде хабар алмасу.</li><li>Электрондық пошта арқылы қолдау.</li><li>Қолдау қызметінің телефон нөмірлерін табу.</li><li>HP қызмет көрсету орталығының мекенжайларын табу.</li></ul>
<i>Заңдық, қауіпсіздік және экологиялық ескертпелер</i> Бұл нұсқаулық қорапта жеткізіледі.	<ul style="list-style-type: none"><li>Маңызды ережелер туралы ескертпелер.</li></ul>
<i>Шектеулі кепілдік*</i> Бұл нұсқаулық қорапта жеткізіледі немесе <a href="http://www.hp.com/go/orderdocuments">http://www.hp.com/go/orderdocuments</a> сілтемесін таңдаңыз.	<ul style="list-style-type: none"><li>Бұл компьютер туралы арнаулы кепілдік ақпараты.</li></ul>

\*Құрылғыға қолданылатын арнайы ұсынылған HP Шектеулі кепілдігін компьютердегі және/немесе қорапта қамтамасыз етілген ықшам дискіде немесе DVD дискісіндегі пайдаланушы нұсқаулықтарында табуға болады. Кейбір елдерде/аймақтарда HP компаниясы басылған HP шектеулі кепілдігін қорапта ұсынады. Басылған түрдегі кепілдік берілмейтін елдерде/аймақтарда оның басылған көшірмесін <http://www.hp.com/go/orderdocuments> мекенжайы бойынша немесе төмендегі мекенжайға хат жіберіп, сұрауға болады:

- Солтүстік Америкада:** Hewlett-Packard, MS POD, 11311 Chinden Blvd., Boise, ID 83714, USA (АҚШ)
- Еуропа, Таяу Шығыс, Африка:** Hewlett-Packard, POD, Via G. Di Vittorio, 9, 20063, Cernusco s/Naviglio (MI), Italy (Италия)
- Азиялық Тыныс Мұхит аймағы:** Hewlett-Packard, POD, P.O. Box 200, Alexandra Post Office, Singapore 911507 (Сингапур)

---

**Ресурс****Мазмұны**

---

Кепілдіктің басылған нұскасына сұрау жасағанда, өнімнің нөмірін, кепілдік мерзімін (техникалық сипаттама жапсырмасынан табуға болады), атыңызды және пошталық мекенжайыңызды жазыңыз.

**МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ:** HP өнімін жоғарыда берілген мекенжайға ҚАЙТАРМАҢЫЗ. АҚШ қолдауы үшін мына торапқа өтіңіз: <http://www.hp.com/go/contactHP>. Дүниежүзілік қолдау үшін мына торапқа өтіңіз: [http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact\\_us.html](http://welcome.hp.com/country/us/en/wwcontact_us.html).

---

---

## 6 Электростатикалық разряд

Электростатикалық ток соғу – екі зат қатынасқа түскен кезде статикалық электр тогының соғуы, мысалы, кілем үстінде тұрып есіктің темір тұтқасын ұстағаннан болатын ток соғу.

Саусақтар немесе басқа электростатикалық разряд өткізгіштерінен шығатын статикалық электр қуатының разряды электрондық бөліктерге зақым келтіруі мүмкін. Компьютерге, диск жетегіне зақым келтіру қаупін немесе ақпараттың жоғалуын болдырмау үшін, келесі сақтық шараларын қолданыңыз:

- Егер жою немесе орнату нұсқауларында компьютерді қуат көзінен ажырату ұсынылса, жерге дұрыс қосылғаннан кейін және қақпақты алмас бұрын құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Бөліктерді орнатуға дайын болғанша, оларды электростатикалық разряд өтпейтін контейнерлерде сақтаңыз.
- Істікшелер, контактілер және қосылатын ұштарға тиімеңіз. Электрондық бөліктерді қолмен мүмкіндігінше аз уақыт ұстаңыз.
- Магниттенбейтін құралдарды пайдаланыңыз.
- Құрамдас бөліктерін ұстамай тұрып, оның боялмаған метал бетіне саусағыңызды тигізу арқылы статикалық электр зарядын шығарыңыз.
- Бөлікті алған кезде оны электростатикалық заряд өтпейтін контейнерде сақтаңыз.

Егер статикалық электр қуаты туралы қосымша ақпарат немесе бөліктерді алып тастау не орнату кезінде көмек қажет болса, қолдау орталығына хабарласыңыз.



# Индекс

## А

аудио кіріс (микрофон) ұясы, анықтау 1  
аудио шығыс (кұлақаспап) ұясы, анықтау 1

## Ә

әрекеттер пернелері  
esc 13  
алға 13  
артқа 13  
дыбыс деңгейін жоғарылату 13  
дыбыс деңгейін төмендету 13  
дыбысты өшіру 13  
жарықтық деңгейін жоғарылату 13  
жарықтық деңгейін төмендету 13  
қуат түймешігі 13  
толық экран 13

## Б

батарея орны 8  
бөліктер  
астыңғы 7  
дисплей 4  
жоғарыдан қарағандағы көрінісі 5  
оң жағы 1  
сол жақ 3

## В

веб-камера, анықтау 4  
веб-камера шамы, анықтау 4

## Ж

жапсырмалар 8  
WLAN 8  
қызмет көрсету 8  
нормативтік 8  
сымсыз куәлік 8

## Қ

компьютерді сапарға алып шығу 8  
кірістірілген веб-камера шамы, анықтау 4

## Қ

қауіпсіздік кабелінің ұясы, анықтау 3  
Қолдау 16  
қуат түймешігі, анықтау 6  
қуат шамдары 1  
кұлақаспап (аудио шығыс) ұясы 1  
қызмет көрсету жапсырмалары табу 8

## М

микрофон (аудио кіріс) ұясы, анықтау 1

## Н

нормативтік ақпарат  
нормативтік ақпараты бар жапсырма 8  
сымсыз куәландыру белгілері 8

## Ө

өнім аты және нөмірі, компьютер 8

## П

порттар  
USB 1

## С

сенсорлы тақта аймағы, анықтау 5  
сенсорлы тақта қимылдары жылжу 11  
сенсорлы тақтаның жылжу қимылы 11  
сериялық нөмір 8  
сериялық нөмір, компьютер 8

сымсыз куәландыру белгісі 8

## Т

түймешіктер  
қуат 6

## Ұ

ұялар  
аудио кіріс (микрофон) 1  
аудио шығыс (кұлақаспап) 1  
қауіпсіздік кабелі 3

## Ү

үндеткіштер, анықтау 7

## Ш

шамдар  
веб-камера 4  
қуат 1

## І

ішкі дисплей қосқышы 4  
ішкі микрофондар, анықтау 4

## Э

электростатикалық разряд 18

## U

USB порттары, анықтау 1

## W

WLAN антенналары, анықтау 4  
WLAN жапсырмасы 8  
WLAN құрылғысы 8